



ҚҚ “Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры”
“Kumbel LAB” IT саласындағы қыздарға арналған әлеуметтік-білім беру жобасының икемді дағдылар тренері.

Қысқаша мәлімет

- IT мамандығында оқитын шамамен 30-40 студент қызына арналған «Kumbel LAB» әлеуметтік-білім беру жобасы екі тілде жүреді - қазақ тілді және орыс тілді екі топ.
- Қызмет түрі: тренер/оқытушы
- Қызметті жүзеге асырудың болжамды кезеңі: 2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым
- Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 14 тамыз, 2026 жыл

Жалпы ақпарат:

«Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры» қоғамдық қоры (бұдан әрі — МБӘҚҚ) — әйелдердің дамуына ықпал ететін әлеуметтік бастамаларды іске асыру мақсатында 1999 жылғы желтоқсанда Алматы қаласында (Қазақстан) құрылған коммерциялық емес ұйым. Түрлі салалардағы білім беру бағдарламалары арқылы МБӘҚҚ қазақстандық қоғамдағы әйелдердің рөлін күшейтуге ұмтылады. Құрылған сәттен бастап МБӘҚҚ өз жобаларын бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және жеке компаниялармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды. Әлеуметтік өзгерістерді ілгерілетудегі біздің күш-жігеріміз үш негізгі бағытты қамтиды: білім беру арқылы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру және азаматтық белсенділікті нығайту.

«Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры» қоғамдық қоры (МБӘҚҚ) Алматы колледждерінің IT мамандығында оқитын шамамен 30-40 студент қызына арналған «Kumbel LAB» әлеуметтік-білім беру жобасы аясында мобильді қосымшаларды әзірлеу бойынша тоғыз айлық оффлайн курсты дайындайтын және өткізетін мобильді қосымша әзірлеушілерді (разработчик/программист) іздейді. Курс барысында AI-құралдар, Figma, Firebase, Flutter, сондай-ақ қосымша іс-шараларды ұйымдастыру үшін басқа да платформалар (мысалы, Zoom және Telegram) қолданылады. Бұл курстың мақсаты — студент қыздардың өзін-өзі дамытуына көмек көрсету. Олар кәсіби, әлеуметтік және психологиялық дағдыларды меңгере отырып, ақпараттық технологиялар саласында

мансап құруға ұмтылады, сондай-ақ өздерінің өзін-өзі бағалауын және өзіне деген сенімділігін арттыру бағытында жұмыс істей алады.

Міндеттері:

- Екі топқа арналған икемді дағдылар тренинг бағдарламасын бейімдеу және өткізу;
- Жобалардың финалдық қорғалымы үшін «Публикалық сөз сөйлеу және питч» атты жаңа блокты әзірлеу;
- Курс барысында қатысушылардың икемді дағдылар бойынша даму деңгейін бағалау.

Бағдарлама нәтижесінде Kumbel LAB қатысушылары:

- Командада жұмыс қарым-қатынасын құруды, тыңдай білуді және сау жеке шекараларды орнатуды үйренеді;
- Жобалық жұмыста тайм-менеджмент пен жоспарлауды меңгереді;
- Кері байланыс беру мен қабылдауды, өзінің мықты және әлсіз тұстарымен жұмыс істеуді үйренеді;
- Эмоционалды интеллект пен эмпатияны дамытып, командада бір-біріне қолдау көрсетуді үйренеді;
- Мансаптық мақсаттар қоя біледі, проактивтілік танытады және «жалған маман синдромымен» (синдром самозванца) күресе алады;
- Аудитория алдында өзін таныстыру мен өзінің финалдық жобасын сенімді қорғап шығады.

Жұмыс көлемі мен нәтижелері

Бұл іс-шара жалпы алғанда шамамен 127 сағатқа есептелген, толық мәлімет төменде көрсетілген (әр сабақ екі рет — таңғы және түскі топтар үшін бөлек өткізілетіні ескерілген):

- **2026 жылғы тамыз – қыркүйек** (шамамен 15 сағат) – Бағдарлама мазмұнын әзірлеу
- **2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым** (шамамен 92 сағат) – Жүзеге асыру (46 сағаттық контент × 2 топ)
- **2027 жылғы маусым** (шамамен 15-20 сағат) – Мониторинг, қатысушыларды бағалау және есептілік

Бағдарлама мазмұнын әзірлеу (15 сағат)

Тренер икемді дағдылардың қолданыстағы бағдарламасын жаңа ағымға сәйкес бейімдейді, қажет болған жағдайда тақырыптар мен жаттығуларды өзектендіреді. Икемді дағдылар тренингтерін қатысушылардың техникалық жобаны финалдық қорғауымен байланыстыратын «Публикалық сөз сөйлеу және питч» атты жаңа блок бөлек әзірленеді. Бағдарлама кем дегенде алты (6) тақырыптық блокқа бөлінуі тиіс. 1-қосымшаны қараңыз.

Жүзеге асыру (шамамен 92 сағат: екі топ үшін екі рет өткізілетін 46 сағаттық контент)

Тренер әзірленген бағдарламаға сәйкес тоғыз ай бойы екі топқа — таңғы және түскі топтарға — икемді дағдылар бойынша тренингтер өткізеді, әр оқу күніндегі сабақ мазмұны бірдей болады. Тренер топтық жаттығуларға, рөлдік ойындарға, кейстерді талдауға және қатысушыларға кері байланыс беруге жауапты.

Мониторинг және қатысушыларды бағалау (шамамен 15-20 сағат)

Тренер студенттердің тренингтерге қатысуын және белсенділігін бақылауға, сондай-ақ икемді дағдылар бойынша жеке ілгерілеуді жазу үшін Excel немесе басқа деректер базасын жүргізуге жауапты. Тренер қатысушылардың өзіне деген сенімділігін, коммуникативтік дағдыларын және мансаптық бағдарын қадағалау мақсатында бағдарламаға дейінгі және бағдарламадан кейінгі бағалауды әзірлейді және өткізеді.

Соңғы сабақтан кейін екі апта ішінде тренер қатысушылардың негізгі икемді дағдылар бойынша ілгерілеуін, жалпы белсенділігін және Қорға болашақ ағымдарды жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қамтитын қорытынды бағалау есебін ұсынады.

Талап етілетін біліктілік (негізгі тренер)

- Икемді дағдылар / коммуникация / тұлғалық даму бойынша тренингтер өткізуде кемінде 3 жылдық тәжірибесі;
- Жастармен және/немесе әйелдер аудиториясымен жұмыс істеу тәжірибесі;
- IT-ортаның ерекшелігін және әйелдердің осы кәсіпке келу кезінде кездесетін қиындықтарын түсінуі (артықшылық болып табылады);
- Топтық тренингтерді, рөлдік ойындарды фасилитациялау және кері байланыспен жұмыс істеу дағдылары;
- Бір сабақты күніне екі рет екі топ үшін өткізуге дайын болуы;
- Орыс тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаудың үздік дағдылары;
- Қазақ және/немесе ағылшын тілдерін білуі (артықшылық болып табылады);
- Шартты рәсімдеу үшін ЖШС, ЖК (ИП) немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған мәртебесінің болуы.

Өтінім беру

Ұсыныстар келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

- Өтінім беру хатының атауында тренер немесе тренерлер тобының сабақ беру тілі көрсетілуі керек (қазақ тілі/орыс тілі);
- Ілеспе хат;
- Тренердің/тренерлердің түйіндемесі (резюмесі);
- Икемді дағдылар тренингтеріне деген көзқарас пен ұсынылатын әдістеменің қысқаша сипаттамасы жазылған техникалық ұсыныс;
- Бұған дейін өткізілген тренингтердің мысалдары немесе бейнежазбалары (егер бар болса);
- Барлық қорытынды материалдар үшін АҚШ долларымен көрсетілген бюджет (1500).

Өтінім беру ережелері мен критерийлері

Барлық өтінім құжаттары келесі ережелерге сәйкес келуі тиіс. Бұл талаптарға сай келмейтін өтінімдер техникалық тұрғыдан жарамсыз деп танылуы мүмкін:

- Ұсыныстың сипаттамасы, түйіндеме (резюме) және бюджеттің сипаттамасы .docx форматында, ал бюджеттің өзі .xlsx форматында ұсынылуы керек;
- Барлық материалдар орыс тілінде ұсынылуы тиіс;
- Ұсыныстың сипаттамасы мен бюджеттің сипаттамасы Times New Roman шрифтімен, 12 өлшемде, бір жоларалық интервалмен және 2,5 см жиектермен (поля) рәсімделуі қажет.

Барлық өтінімдер келесі критерийлер негізінде қарастырылады және іріктеледі:

- Техникалық тәсілдің анықтығы мен жарамдылығы, соның ішінде ұсынылған әдістеме;
- Өтініш берушінің (берушілердің) техникалық сараптамасы мен тәжірибесінің өзектілігі;
- Құнның бәсекеге қабілеттілігі.

Қызығушылық танытқан тұлғалар немесе ұйымдар өтінім беру бойынша сұрақтарын келесі мекенжайға жолдай алады: kumbellab@gmail.com. Егер ұсыныстар бойынша қосымша ақпарат немесе түсініктеме қажет болса, өтініш берушіге (берушілерге) қосымша ақпарат және/немесе құжаттаманы ұсыну үшін жазбаша түрде хабарланады.

Осы конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер өз ұсыныстарын 2026 жылғы 14 тамыздан кешіктірмей kumbellab@gmail.com электрондық поштасына жіберуі тиіс. Хаттың «тақырып жолы» (тема письма) келесідей болуы шарт: «Kumbel LAB Гибкие навыки».

Қосымша №1

Курстың қысқаша мазмұны:

Форматы	Офлайн, екі топ (таңғы және түстен кейінгі), әр сабақ мазмұны күніне екі рет қайталанады
Ұзақтығы	9 ай (2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым)
Студенттер саны	Шамамен 30-40 адам (2 топ)
Тренердің жұмыс сағаттары (икемді дағдылар)	46 сағаттық контент × 2 топ = 92 сағат
Тілі	Қазақ тілі

Икемді дағдылар бойынша негізгі тренердің бағдарламалық блоктары

Блок	Сабақ саны	Сағат саны	×2 группы
ІТ-дегі қарым-қатынас принциптері	5	10	20
Тайм-менеджмент	2	4	8
ІТ-дегі жұмыс форматы	6	12	24
Деректер архитектурасы және эмпатия	4	8	16
Мансаптық бағдарлау	4	8	16
Публикалық сөз сөйлеу және питч (жаңа блок)	2	4	8
Қорытынды	23	46	92